

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы әкімінің 2019 жылғы 14 наурыздағы № 16 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 наурызда № 5256 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы әкімінің 2019 жылғы 14 маусымдағы № 41 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы әкімінің 14.06.2019 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор міндетін атқарушысының 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 13-12/6 ұсынысы негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ірі қара малдың арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласының Советский көшесінің аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мамлютка қаласының әкімі

С. Бәкеев